

Жеделов Қ.О.,  
Бекбосынов М.Н.

**Абайдың азаттық  
идеяларындағы таным мен  
тағылым көздері**

Бұл мақалада Абай Құнанбаевтың азаттық идеяларындағы таным мен тағылым көздері сипатталған. Қазақ дүниетанымына, тарихына және әдебиетіне қатысты өз шығармаларында отарлық езгіге қарсы қолданылған мұралары жіктеліп көрсетілген. Өз шығармашылығында қазақ халқы мейрамының насихатталуы, сонымен қатар саясатты жүргізу барысында көп сатылы айла-тәсілдер қолдану жағынан араб басқыншыларынан орыс отаршылдарының асып түскенін сипаттап көрсеткен.

**Түйін сөздер:** ұлттық мәдениет, рухани мұра, отаршылдардың халық тарихы, дін, саясат, ұлт, қоныс, орыс отаршылдығы, заман, Алаш партиясы.

---

Zhedelov K.O.,  
Bekbosyn M.N.

**A characteristic feature of the  
poetics of Abai**

The author rightly argues that in the works of Abai Kunanbai many hidden – a characteristic feature of his poetics and history of the people. Only because of the writer's works subtext acquire true content. Currently, creative and in particular its Article continue to explore and discover new semantic facets of his works.

**Key words:** national culture and spiritual heritage, national history, religion, politics, ethnicity, migration, Russian colonization, up to date, Alash.

---

Жеделов Қ.О.,  
Бекбосынов М.Н.

**Характерная черта  
поэтики Абая**

Автор статьи справедливо утверждает, что в творчестве Абая Кунанбая многое скрыто – это характерная черта его поэтики и истории народа. Только благодаря подтексту произведения писателя приобретают истинное содержание. В настоящее время его статьи продолжают исследовать и обнаруживать новые смысловые грани его произведений.

**Ключевые слова:** национальная культура и духовное наследие, национальная история, религия, политика, этничность, миграции, царская колонизация, партия Алаш.

## **АБАЙДЫҢ АЗАТТЫҚ ИДЕЯЛАРЫНДАҒЫ ТАНЫМ МЕН ТАҒЫЛЫМ КӨЗДЕРІ**

Абайдың үш бұлақ көзінің алғашқысы – ұлттық мәдениет ошағы десек, оның өзін жалпы атамай, Абайдың өз заманындағы озбырлыққа қарсы оларды қалайша түрлентіп, толықтырып, жаңғыртып қолданғанын саралау қажет. Өйткені, қазақтың рухани бастау бұлағы – ұлтымыздың түріктік мол қазынасы мен фальклордан нәр алған Абай, М. Әуезовтің: «Қазақ халқының есте жоқ ескі заманынан жиып, сақтап, өсіріп келген өз даналығы, халықтың ауызша әдебиет қоры, ақын Абай осы қордан көп нәр алып, сол арқылы өз өлеңін көп көркейтті» [1, 278-279] – деп нақтылап ескерткеніндей ұлт әдебиетінің бастау көздерінен туындайды. Осының алғашқысы – түріктік ата мұра.

Түріктік рухани мұра дегенде, біз оларды Абайдың қазақ дүниетанымына, тарихына және әдебиетіне қатысты өз шығармаларында отарлық езгіге қарсы қолдануына орай, шартты түрде былай жіктейміз:

а) отаршылдардың қазақ тарихын лайлау әрекетіне қарсы Абайдың түріктік мұраларды жаңғырта қолдануы;

ә) отаршылдардың ислам дінін дәріптеу арқылы, қазақ дүниетанымын, шаруашылық қалпын бұзу әрекетіне қарсы Абайдың көне мұралардағы ұлттық тәңірілік дүниетанымды өз шығармаларында қолдануы;

б) отаршылдардың көп қырлы миссионерлік саясатына орай Абайдың көне түріктік әдеби дәстүр мен азаттық, еркіндік идеясын заманға сай пайдалануы.

Отаршылдардың халық тарихын санадан өшіру жолындағы әрекеттерінің түп ниеті қазақ жұртын орыс жазуына көшірудегі баспалдақ ретінде ислам дінінің схоластикалық қадімдік оқуын жақтауы мен жадидизмге қарсы жанталаса күресінен анық көрінеді. Мұның орыс империясы алдында Тұран еліндегі араб басқыншылары жүргізген тәжірибесі де бар болатын.

Құтайба ибн Муслим (660-715) басшылығымен 705-715 жылдар аралығында Тұран елін жаулап алған арабтар халықтың тәңірілік дүниетанымын, ұлттық санасы мен жазуын жоюды қолға алды. Сөйтіп, ислам діні мен араб графикасын ендіру арқылы халықтың тарихи жадын құрту мақсатында рухани мұраларды өртеп, елде көркем әдебиет пен ғылыми еңбектерді араб тілінде жазуға қатаң бақылау қойды. Осындай арғы-бергі отаршылдар атаулының қолданған әккі әдістерінің ел ру-

ханиятына, тарихи жадына қарсы бағытталған зардапты салдарын Абайдай тереңнен толғап талдаған ойшылдар некен-саяқ. Мысалы, хакімнің: «Ол күнде Наурыз деген бір жазғытұрым мейрамы болып, наурыздама қыламыз деп, тойтамаша қылады екен. Бұл күнде бұл сөз құрбан айтына айтылады, ол уақытта жаңа дінге кірген соң, енді бір Бухарадан басқа шәһарлардың да, жер-сулардың да, халықтың да бұрынғы аттарын бұзыпты» [2, 156], – деп әшкерелей жазуы зерделі оқырманға көп жайдан хабар береді.

Жалпы қазақ халқының ұлы мерекесі – Наурыз 1926 жылға дейін мейрамдалып келді. Наурыз мерекесіне арнап күнтізбелер басылып отырды. Бейімбет Майлин, Илияс Жансүгіров, Сәбит Мұқанов, т.б. ақындар өлең жазды. Кеңес өкіметінің жымысқы саясаты кесірінен Ұлы Октябрь социалистік революциясының 10 жылдығын жаңа күнтізбе бойынша мейрамдау керек деген желеумен, 1927 жылдан бастап Наурыз мейрамын мерекелеу тоқтатылды. Осының бәрі – отарлық жүйенің қай кезеңде болмасын жүргізер саясатының өзегі бір екенін танытады.

Бірақ, осы саясатты жүргізу барысында көп сатылы зымиян айла-тәсілдер қолдану жағынан араб басқыншыларынан орыс отаршылдары асып түсті. Олар XIX ғасырдың ортасына дейін ислам дінін барынша қолдады.

Мәселен, араб тіліндегі қазаққа түсініксіз кітаптарды, діни-мистикалық аңыздар мен түрлі кітәби тілдегі қисса жырларды Петербург, Қазан баспаларында араб және орыс әріптерімен көптеп басып шығарды. Қазақ даласындағы миссионерлік, әкімшілік орыс оқуымен қатар, 1895 жылы «Киргизская степная газетада»: «балалар оқитын киіз үйден жан дәрменімен айқайлаған ащы дауыстар естіледі. Әр оқушы өзінің сабағын айқайлап оқиды. Осылайша оқыту төрт жылдай уақытқа созылады. Осы мерзім біткеннен кейін оқушылар білім алудың толық курсынан өтіп, оны ешнәрсе де білместен, бұрынғы надандық қалпында қалған күйінде тәмәмдайды», – деп жазылғандай, мағынасыз қадімдік оқуды қуаттады. Ал қазақ облыстарында шыққан өкіметтің сойылын соғар басылымдар «Дала уәләйатының газеті», «Түркістан уәләйатының газеті», «Семипалатинские областные Ведомости» сияқты басылымдарда қазақ тарихын ислам дінімен байланыстыратын қисынсыз мақалалар басылып жатты. Осының бәрі халықтың ұстанған дінін қолдаған болып, жұртты түріктік тарихи танымынан айырып, шұбарланған кітәби тіл, араб тіліндегі мағынасыз жаттанды оқу мен діни соқыр сенім арқылы он ғасыр бойына халыққа сіңісіп кеткен араб жазуынан

жирентіп, орыстандыру мен шоқындыру мақсатында жүргізілді. Осындай аяр әрекеттердің қазақ тарихын тануға тигізген кесірі жайлы төңкеріске дейін Көкшетаудағы Науан хазіреттің медресесін бітірген, Кеңес үкіметі кезінде дін қызметкері болғаны үшін Сібірге, Алтайға жер аударылған Момақан әлиұлының «Ақиқат» журналының 1997 жылғы №2,3 сандарында жарияланған «Қазақ тарихы туралы бірер сөз» атты қолжазбасындағы мына дерек – осы айтылғандардың нақты көрінісі: «Қазақтың өздерін арабтанбыз деуінің бір себебі бар. Патша өкіметі 1880 жылы бодан елдер өз тарихының қайдан шыққанын анықтасын деген жарлық шығарды. Сол жарлықта егер бодан елдер жер бетіндегі белгілі, аталы елден шықса, оларға сол халықтармен бірдейлік хұқық беріледі. Егер олай болмаса, теңсіз төмен ел болады деген. Осыған орай ел ақсақалдары, оқыған молдалар жиылып, Кіші жүздің ғұлама молласы Нұрпекеге (Нұрпейіс) барған. Ол кісі Меккеге қажы сапарына барғанда қазақтың қайдан шыққанын сұрап, ондағы молдалар араб әрпімен жазылған ғибраны көрсеткен. Сол ғибрада қазақ Ғақаша бин Мұқсиннің және әнес бин Мәліктің тұқымы деп жазылған екен. Бұған қазақтың жабысып, мақала, қисса жазып жүргені – тар заманда елді бодандықтан құтқарып, теңестіру, арабыз десек Алланың оң көзі түсіп, бағымыз ашылар ма деген дәмеден туғаны көрініп тұр» [3].

Қазақ тарихын дінмен шырмап, адастыру ниетін отаршыл мемлекеттің шовинистік пиғылдағы әкімшілік жүйесін былай қойып, П.П. Пестель, Семенов-Тьяншаньский, С. Соловьев, В.В. Бартольд сияқты оқымысты ғалымдарының өздері де құптап шыққан. Мұның айғағы ретінде академик В.В.Бартольдің: «Түземдіктерге олардың өз тілінде ғылыми мағлұматтарды бермеу керек, сондай-ақ, сол арқылы олардың әдебиеті мен төл мәдениетін орнықтыра дамытуға жағдай жасамау қажет. Мұның барлығы да олардың орыстануына кесірін тигізеді» [4, 130] – деген сөзін келтірсек те жеткілікті.

Сондықтан бодандық бұғауының аға сұлтандық кезеңінде Дулат ақын:

Елің түсті езгіге,  
Жол бермей дұрыс сөздігі,  
Көр соқыр бермей тізгінін  
Көкірегі көздіге [5, 72] –

деп, елдің көкірек көзін ашуға ұмтылса, білек күші, найза ұшымен теңдікке жетер заман өтіп, халық тағдыры тығырыққа тірелген кезеңде Абай:

Жүректе қайрат болмаса,  
Ұйықтаған ойды кім түртпек?  
Ақылға сәуле қонбаса,  
Хайуанша жүріп күнелтпек.  
Аспаса ақыл қайраттан,  
Тереңге бармас, үстірттер.  
Қартынның ойы шар тартқан  
Әдеті жеңіп күнгірттер [2, 22-23] –

деп, кертартпа надандықты сынай отырып, жұртын таным тереңіне жетелейді. Көзден кетсе де, көңілден өшпеген түріктік сананы жаңа кезеңде қоғамның қатпарлы қасіреттерін жоюдың иммунитеті деп түсінген дана, тарихи сананы оятуға ерекше мән берген. Бұл жай ақынның философиялық көзқарасын образды түрде суреттеген шығармаларынан анық байқалады. Яғни, түрік халықтарының тәңірілік дүниетанымының синкретизм, диалектика, адам мен табиғат бірлігі сияқты өзгеше қырлары Абай шығармашылығында көркемдік кестесімен отарлық езгіге қарсы сипатта кең қамтылған.

Сөйтіп, Абай заманында отаршылдар түрік халықтарының ерлік тарихын, гуманистік, азаттық идеясына толы дүниетанымын санадан

өшіру мақсатында, ислам дінінің халыққа күңгірт схоластикалық, догматикалық мәнде теріс түсіндірілуіне және христиандық миссионерлік пиғылдағы үгіт-насихатты өрістетуге күш салды. Мұны Абайдың «Біраз сөз қазақтың түбі қайдан шыққаны туралы» (1889) деген тарихи мақаласының жазылу себебіне қатысты айтылған профессор М.Мырзахметұлының мына сөзі айқын танытады: «Бұл зерттеу сипатындағы мақаланы Абай өз кезінде қазақ қауымында көп сөз болып өріс алған, бірақ негізі шындықтан тыс, ғылымға жат ойға құрылған пікірдің өріс алуына байланысты жазған. Қазақтың түбі арабтан, пайғамбар қауымынан шықты деген алыпқашпа көзқарасқа қарсы Абай ғылымға негізделген ойын: «Біздің қазақтың ықыласы атасын арабтан шықты дегенді яки бәни Исраилдан шықты дегенді ұнатқандай. Онысы, әрине, тауарихтан хабар тисе, сол жақтан тигендіктен. Ислам діні бұрынғы ата-бабаларды ұмыттырып, діндестерді жақын көрсеткендіктен хәм артқы жағы хабарсыз қараңғылықта қалғандықтан болған іс», – деп тұжырымдаған. Абайдың осы пікірінен соң бұл мақаланың кімдерге бағытталғаны да ашық байқалып тұр» [6, 14-15].

#### Әдебиеттер

- 1 Әуезов М. Абай Құнанбаев. Алматы, 1995, 320 б.
- 2 Абай. Шығармаларының екі томдық толық жинағы. Алматы,
- 3 Әлиев М. Қазақ тарихы туралы бірер сөз // Ақиқат, 1997, №2,3.
- 4 Бартольд В.В. История культурной жизни Туркистана. Ленинград, 1927, 360 бет.
- 5 Бабатайұлы Д. Тұнық тұма. Өсиетнама: өлеңдер мен дастандар, (1-кітап); Дулат жырау тағылымы: сын-зерттеу, көзқарастар (2-кітап). Құр: Раев Қ. Алматы, 2002, 288 б.
- 6 Мырзахмет М. Абайтану тарихы. Алматы, 1999, 192 б.

#### References

- 1 Әуезов М. Abai Құнанбаев. Almaty, 1995, 320 б.
- 2 Abai. Shyғarmalarynuң eki tomduқ toлық zhinaғы. Almaty,
- 3 M. Әliev Kazakh tarikhy turaly birer soz // Aқikat, 1997, №2,3.
- 4 VV Bartold. Turkistan historia culturae. Leningrad, , 1927, 360 bet.
- 5 D. Babatayuly Tұnyқ тұma. Өsietnama: өleңder mutatur dastandar (Kitap I); Dulat zhyrau tarylymy: Exploration & filius, көзқарастар (Kitap-II). Құр: Rayev Ka cum descender. Almaty, 2002, 288 б.
- 6 M. Myrzakhmet Abaytanu tarikhy. Almaty, 1999, 192 б.